

**Төлеби аудандық мәслихатының 2017 жылғы 8 қарашадағы № 19/103-VI "Төлеби ауданы бойынша коммуналдық қалдықтардың түзілу мен жинақталу нормаларын , тұрмыстық қатты қалдықтарды жинауға, әкетуге, кәдеге жаратуға, қайта өңдеуге және көмуге арналған тарифтерді бекіту туралы" шешіміне өзгерістер енгізу туралы**

### *Күшін жойған*

Түркістан облысы Төлеби аудандық мәслихатының 2020 жылғы 23 маусымдағы № 53/298-VI шешімі. Түркістан облысының Әділет департаментінде 2020 жылғы 22 шілдеде № 5726 болып тіркелді. Күші жойылды - Түркістан облысы Төлеби аудандық мәслихатының 2023 жылғы 18 тамыздағы № 4/29-VIII шешімімен

**Ескерту. Күші жойылды - Түркістан облысы Төлеби аудандық мәслихатының 18.08.2023 № 4/29-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.**

Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 9 қаңтардағы Экологиялық кодексінің 19-1 бабының 1) және 2) тармақшаларына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 6 бабының 1 тармағының 15) тармақшасына, "Коммуналдық қалдықтардың түзілу және жинақталу нормаларын есептеудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2014 жылғы 25 қарашадағы № 145 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10030 тіркелген) және "Тұрмыстық қатты қалдықтарды жинауға, әкетуге, кәдеге жаратуға, қайта өңдеуге және көмуге арналған тарифті есептеу әдістемесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2016 жылғы 1 қыркүйектегі № 404 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14285 тіркелген) сәйкес, Төлеби аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Төлеби аудандық мәслихатының 2017 жылғы 8 қарашадағы № 19/103-VI "Төлеби ауданы бойынша коммуналдық қалдықтардың түзілумен жинақталу нормаларын, тұрмыстық қатты қалдықтарды жинауға, әкетуге, кәдеге жаратуға, қайта өңдеуге және көмуге арналған тарифтерді бекіту туралы" (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4275 тіркелген, 2017 жылғы 30 қарашада "Төлеби туы" газетінде және 2017 жылғы 7 желтоқсанда Қазақстан

Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде электрондық түрде жарияланған) шешіміне мынадай өзгерістер енгізілсін:

1 қосымшада:

реттік нөмірі 6-жол мынадай редакцияда жазылсын, орыс тіліндегі мәтіні өзгермейді:

"

6	Емханалар	1 келіп кету	0,02
---	-----------	--------------	------

";

реттік нөмірі 7-жол мынадай редакцияда жазылсын:

"

7	Ауруханалар, өзге де емдеу-сауықтыру мекемелері	1 төсек-орын	0,73
---	---	--------------	------

";

реттік нөмірі 9-жол мынадай редакцияда жазылсын, орыс тіліндегі мәтіні өзгермейді:

"

9	Мейрамханалар, дәмханалар, қоғамдық тамақтану мекемелері	1 отыратын орын	1,57
---	--	-----------------	------

";

реттік нөмірі 10-жол мынадай редакцияда жазылсын:

"

10	Театрлар, кинотеатрлар, концерт залдары, түнгі клубтар, ойынханалар, ойын автоматтарының залы	1 отыратын орын	0,1
----	---	-----------------	-----

";

реттік нөмірі 14 және 15-жолдар мынадай редакцияда жазылсын:

"

14	Азық-түлік, өнеркәсіптік тауар дүкендері, супермаркеттер	сауда алаңы 1 м2	0,29
15	Машиналардан сату	сауда орнының 1 м2	1,62

";

реттік нөмірі 16-жол алынып тасталсын.

2 қосымшада:

реттік нөмірі 1-жол мынадай редакцияда жазылсын:

"

--	--	--	--

1	Қатты тұрмыстық қалдықтарды жинау, әкету тарифтері		
---	--	--	--

".

реттік нөмірі 2-жол мынадай редакцияда жазылсын:

"

2	Қатты тұрмыстық қалдықтарды көму және кәдеге жарату тарифтері		
---	---	--	--

".

2. "Төлеби аудандық мәслихат аппараты" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте:

1) осы шешімнің "Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі Түркістан облысының Әділет департаменті" Республикалық мемлекеттік мекемесінде мемлекеттік тіркелуін;

2) ресми жарияланғаннан кейін осы шешімді Төлеби аудандық мәслихатының интернет-ресурсына орналастыруын қамтамасыз етсін.

3. Осы шешім алғашқы ресми жариялаған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Мәслихат хатшысы*

*Н. Койбағаров*